

Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің жас ғалым-педагогтары

1. Төреханова Рауана Аманбайқызы- «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы, магистр.



2. Қосдаулетова Сандуғаш Қосдаулетқызы - «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.



3. Саутбаева Рима Султанбековна- «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы, магистр.



4. Бақаева Гаухар Ерғалиқызы – «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.



5. Саркулова Светлана Дуйсембиевна- «Қазақстан тарихы» кафедрасының PhD докторы



Жас ғалым- педагогтарының өткізген семинар, шебер -сыныптарынан үзінді



Отегенова Баян Нұрақынқызы – «Әлеуметтік-гуманитарлық» факультеті, «Кәсіптік білім» кафедрасының магистрі, аға оқытушысы.

Жетістіктері:

-Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дамуына қосқан зор үлесі мен белсенді қызметі үшін, Алғыс хат.

-Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай Алматы музейінде өткен «Мәңгілік елдің ордасы» атты көркем өнер көрмесіне зор үлес қосқаны үшін, Алғыс хат.

-Т.Қ.Жүргенов ҚазҰӨА, Жоғары оқу орындарында білім алатын студенттерге арналған Республикалық пәндік олимпиадасына жетекшілігімен жүлделі орын алып, үлес қосқаны үшін, Алғыс хат.

Еңбектері:

- «Сәндік –қолданбалы өнер» және «Көркемдеп тоқудың технологиясы» атты оқу құралдарының авторы.

- «Professionalism of the teacher of the Vocational Education as Condition of improvement of Quality and Training of Students» атты мақаласы «International Journal of Scientific & Technology Research (IJSTR)» халықаралық журналында жарық көрді.

- «Ұлттық озық дәстүрлер жаңғырудың маңызды алғышарттары», Педагогика және өнер журналы.

Шебер-сынып тақырыбы «Гобелен және қазіргі заман интерьері»:

Қазіргі кезде гобелен тоқу өнері ерекше композициясымен, өрнекті уәждің шебер стильденуімен және үйлесімділігімен көзге түсетін суреттерімен сипатталады. Студенттер гобелен бұйымдарын жасай отырып пішім және ырғақ, әсемдік, боялар тазалығы мен үйлесімділігі, маталардың асылдығын шебер біріктіру сияқты дағдыларға ие болады.

Ұлттық сәндік қолөнерімізді шыңдауда кілем, гобелен тоқу өнерін үйретудің басты мақсаты – көне заманнан келе жатқан тоқыма өнерін жоғалтпай әрі қарай жаңа идеялармен толтыру болып табылады.



Калдыбаева Гульмария Ауелхановна – «Әлеуметтік-гуманитарлық» факультеті, «Кәсіптік білім» кафедрасының магистрі, аға оқытушысы.

Жетістіктері:

-Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі.

Еңбектері:

-«Станоктық кескіндемедгі композиция» және «Бейнелеу өнеріне оқыту әдістемесі» атты оқулықтардың авторы.

-Синьцзян Өнер Академиялық институтының галереясы ұйымдастырған «Дүниежүзілік қазақтар» атты сурет көрмесіне өз жұмыстарын ұсынып жоғары дәрежелі және I дәрежелі дипломмен марапатталған.

Шебер-сынып тақырыбы «Кескіндеме өнерін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру»:

Студенттерді “Бейнелеу өнерінің” шығу және даму тарихы, композициялық құрылымы, түрлері сияқты ұғымдармен таныстыру. Сондай-ақ олардың эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, натюрморт және пейзаж жанрын бейнелеудің теориялық және практикалық тәсілдерін үйрету, кескіндемелік композициялық шығармашылық қызметтерін дамытып қабілеттерін арттыру.

Оқу курсының мақсаты-ақпараттық технологиялар мен көрнекті материалдар көмегімен студенттердің өз бетінше іздену, таңдай-талдай, өзерте білу қабілеттерін дамыту болып табылады.